

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі

20 __ жылғы « __ » _____

№ _____

010000, Астана, Мажиліс Парламента

« __ » _____ 20 __ года

2025 жылдың 19 ақпанда жарияланды

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрі
О.А. Бектеновке

Д Е П У Т А Т Т Ы Қ С А У А Л

Құрметті Олжас Абайұлы!

Ауыл мен ауыл шаруашылығы – егіз ұғым!

Ауылда кәсіп болмаса жұмыссыздық жайлап, халықтың қалаға қарай ағыла көшетінін жақсы білесіз. Мемлекет тарапынан беріліп жатқан арзан несие жеткіліксіз, 2024 жылы «Ауыл аманаты» арқылы қарастырылған қаражат бөлінген жоқ. Оның өзінде ол кредиттер кепілдікке мүлік беруді талап етеді. Лизинг арқылы жұмыс істеу де қиын, өйткені ауыл азаматтарының алғашқы жарна төлеуге мұршасы жоқ.

Осы проблемаларды ескере отырып, Президентіміз «Тауарлық несие» тәжірибесін кеңінен таратып, ауылдағы іскер азаматтарға алғашқы тауарлық капитал беруді тапсырған болатын. Алайда Үкімет тарапынан ешқандай қозғалыс білінбейді. Тек 3-4 облыста жағдайы жоқ отбасыларға «Ауыл аманаты» арқылы мал таратып, соны «тауарлық кредитті орындадық» деп қазан қақпағын жауып қойды.

«Тауарлық кредит» - жақсы механизм! Ол – алғашқы капиталды тауар ретінде оңай әрі тез беретін жаңа үдеріс. Бұл мемлекет пен халық арасында емес, ірі кәсіпкерлер мен жұмыс істеймін деген азаматтардың арасында болатын тың құбылысқа айналуы керек. Тауарлық кредиттің пайдасын дұрыс түсінген кейбір ірі кәсіпкерлер қолында бар малды іскер азаматтарға таратып жұмыс істеп жүр. Бірақ осындай жеке кәсіпкерлердің инициативасын ынталандыратын механизм жасалған жоқ.

Ақтөбе облысында «Ауыл партиясының» мүшелері ұйымдастырған «Сауын» бағдарламасын әлеуметтік желіде жарнамалап едім, соңынан тауарлық кредитке мал сұрағандардың саны мыңнан асты. Жұмыс істеймін деген азаматтар, әсіресе ауыл жастары өте көп.

Ия, мемлекеттік бюджет ауыр жағдайда. Үкіметтің беретін ақшасы жоқ. Ол жағы түсінікті!

Алайда Қазақстанда қолында малы да, тұқымы да, техникасы да, тіпті ақшасы бар азаматтар көп емес пе? Жер телімі бар, бірақ теңгесі жоқ шаруалар қаншама! Қара тілмен айтқанда - бірінде бар, бірінде жоқ. Ендеше, осы екі топтың бір-бірімен «Тауарлық кредит» арқылы қоян-қолтық жұмыс істеуін неге қамтамасыз ете алмаймыз?

Осыған байланысты, Сізден келесі мәселелердің шешілуін сұраймыз.

Біріншіден, мемлекеттік деңгейде тауарлық кредитті тез әрі өте оңай жолмен беруге бағытталған арнайы бағдарлама жасалуын талап етеміз. Ол бағдарлама «Ауыл аманатынан» бөлек болуы тиіс.

Екіншіден, ол бағдарламада «тауарлық несие» арқылы өз капиталын ауыл азаматтарына беріп, агробизнестің жаңа моделіне көшуге бел буған ірі шаруашылықтарды халықпен тікелей жұмыс істеуге қызықтыратын, ынталандыратын арнайы франшиза ұсыну керек. Ол франшизаның бастапқы жарнасы (паушальный взнос) бюджет арқылы төленіп, қаржылық тәуекелдері мемлекет тарапынан сақтандырылуы керек!

Бүгінде қалаларда франшиза жүйесі жақсы дамыған. Кофеханалар мен мейраханалар, наубайхана мен әртүрлі сауда орындарын франшиза арқылы ашып жатқандар көп. Дәл сондай механизмді пайдаланып, ауыл азаматтарын агробизнеске жұмылдыруға болады деп есептейміз.

Кезінде марқұм Жақсылық Үшкемпіров ағамыз: «Менің бір арманым бар еді. Қазақстанда 5 мың ауыл бар, соларды қазақтың мықты 5 мың жігіті көтеріп жіберсе ғой» деген еді. «Тауарлық кредит» бойынша арнайы бағдарлама болса ауылды көркейтеміз дейтін 5 мың азамат қазір ақ табылады.

Үкімет жағынан қозғалыс болса, біз «Ауыл партиясы» фракциясының депутаттары Салық кодексін қарастыру барысында франшиза арқылы тауарлық несие беремін дейтін ірі кәсіпкерлерге тиісті салықтық жеңілдіктер беретін нормалар ұсынуға дайынбыз.

Құрметпен,

«Ауыл партиясы» фракциясының депутаттары:

**А. Баққожаев
С. Егізбаев
Қ. Абден
Н. Арсютин
Ж. Дайрабаев
А. Зейнуллин
Е. Саурықов
Т. Серіков**

**«Жалпыұлттық социал-демократиялық партия»
фракциясының депутаты:**

Н. Әуесбаев